Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

Әділет

# Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 501 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 маусымда № 11452 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 22 мамырдағы № 117 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 22.05.2020 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салу, реконструкциялау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта бейіндеу), пайдалану, консервациялау, жою (кейіннен кәдеге жарату) қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Болашақ құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз

Күшін жойған

мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылыс салуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) алып тасталды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.05.2016 № 442 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13) алып тасталды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.05.2016 № 442 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Кен іздеушілікке арналған лицензияны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.05.2016 № 442 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Б.Қ Нұрабаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралар туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі* — *Ә. Исекешев*

"КЕЛІСІЛГЕН":

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

Қазақстан Республикасынын
Ұлтық экономика министрі
______________ Е.Досаев
2015 жылғы 27 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 501 бұйрығына
1–қосымша

**"Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімді:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күні;

2) күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минутты құрайды;

3) қызмет көрсетуді күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - қағаз түрінде.

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді түрдегі жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғандағы аралықта түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жер бойынша "электрондық" кезек тәртібінде жүзеге асырылады, "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық кезекті брондау мүмкін болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) су объектілерінің сарқылуын болдырмауға бағытталған су қорғау іс-шараларының бағдарламасы.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушының заңды тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттар, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйесінен алады.

Өтінішті берген кезде, көрсетілетін қызметті алушы егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған

Көрсетілетін қызметті алушы барлық талап етілетін құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезде тиісті құжаттардың қабылданғандығы туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның өкілі куәландырылған сенімхат) жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде тиісті құжаттарды қабылданғандығы туралы қолхаттың негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көзделген толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация нәтиженің бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

**3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің немесе оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорация немесе Министрлік басшысының атына шағым беру жолымен жолданады. Көрсетілетін қызметті беруші басшысының мекенжайы және телефоны: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Әзірбайжан Мәмбетов көшесі, 32 үй, 204/1 кабинет, телефоны: 8 (7172) 39-02-32 .

Шағымдар жазбаша түрде пошта бойынша не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорациясының кеңсесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы беріледі. Сондай-ақ шағымды не

Күшін жойған

электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс, бейнеөтініш нысанында беруге болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымды портал арқылы жібергеннен кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" оны мемлекеттік органда өңдеу барысында жаңартылып отыратын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту нәтижелері бойынша жауап) шағым туралы ақпаратқа қол жеткізуге болады.

Бейнеконференцбайланыс тәсілімен шағымның жолдануы "электрондық үкімет" порталы арқылы іске асырылады.

Бейнеөтініш тәсілімен шағымның жолдануы Мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы іске асырылады.

Жеке тұлғаның шағымда – оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымда оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызмет алушы немесе оның сенімхат бойынша өкілі қол қоюға және оны енгізуге тиіс.

Шағым жасалған кезде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі және аты-жөні, өтініш жасау себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не кеңседе қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Күшін жойған

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның, орталық мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

**4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар**

13. Тұрмыс-тіршілігін шектейтін, денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарын қабылдауды қажет болған жағдайда, Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы өтініш жасаған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің www.miid.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;

2) Көрсетілетін қызметті берушінің www.geology.miid.gov.kz;

3) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
ойған

"Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің

___________________________

(қаласы)
аумақтық бөлімшесінің басшысына

___________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)

кімнен_____________________

(өтініш берушінің толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә. және жеке сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы, телефоны)

**Өтініш**

Сізден жерасты су объектілерінің сарқылуын болдырмауға бағытталған қорғау іс-шараларын келісуіңізді сұраймын.

Объектінің орналасқан жері: __________________________ (облыс)

Қосымша:

_________________________________________________________

_________________________________________________________

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қолы: _________________

Мөр орны* (бар болған жағдайда)

20__ жылғы "____"______________

Ескерту:

* - Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан құжаттарында мөр қою талап етілмейді.

"Су объектілерінің сарқылуына

Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
ойған

жол бермеуге бағытталған су
қорғау іс-шараларын келісу"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша

Нысан

(Көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, әкесінің
аты (бар болған жағдайда)
(бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе оның
ұйымының атауы)
___________________________
___________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № ____ бөлімі (мекенжайы: ________________________________________) Сіздердің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға, атап айтқанда:

_______________________________________________:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) _________________________________________________________________;

2) _________________________________________________________________;

3)… ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат тараптардыңң әрқайсысына бір данадан берілетін екі данада жасалды.

_______________________________________________ __________________

Т.А.Ә. (Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә. ______________

Телефоны __________

Алдым: ________________________ __________________________________

Т.А.Ә. көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 ___ жылғы "___" ____________

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 501 бұйрығына
2–қосымша

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

**"Бұрғылау және басқа тау жұмыстарын жүргізуге арналған жобалық құжаттаманы келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 501 бұйрығына
3–қосымша

**"Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

Күшін жойған

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күні.

Мемлекеттік корпорацияға өтініш жасаған кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды (еркін нысанда) не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайда және негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді түрдегі жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады;

2) Мемлекеттік корпорацияда – еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғандағы аралықта, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша "электрондық" кезек тәртібінде жүзеге асырылады, "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық кезекті брондауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсететін қызметті берушіге, мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Күшін жойған

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жобалық құжаттама;

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызмет алушының заңды тұлғасының жеке басын куәландыратын, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттары туралы мәліметтерді, жер учаскесіне меншік құқығын растайтын құжатты "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық талап етілетін құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға берген кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне берген кезде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсететін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы оның көшірмесіне қойылған белгі өтініштің қағаз түрінде қабылданғандығын растау болып табылады.

Өтінішті берген кезде көрсетілетін қызметті алушы егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Құжаттар Мемлекеттік корпорация арқылы қабылданған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариалды расталған сенімхат бойынша оның өкілі) ұсынған кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхаттың негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтиженің бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

**3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің немесе оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорация басшыларының атына немесе Министрлік басшысының атына шағым беру жолымен жолданады. Көрсетілетін қызметті беруші басшысының мекенжайы және телефоны: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Әзірбайжан Мәмбетов көшесі, 32 үй, 204/1 кабинет, телефоны: 8 (7172) 39-02-32.

Шағымдар жазбаша түрде пошта бойынша не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорациясының кеңсесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы беріледі. Сондай-ақ шағымды электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс, бейнеөтініш нысанында беруге болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) көрсетіле отырып, оны тіркеу шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымды портал арқылы жібергеннен кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" оны мемлекеттік органда өңдеу барысында жаңартылып отыратын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту нәтижелері бойынша жауап) шағым туралы ақпаратқа қол жеткізуге болады.

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

Күшін жойған

Бейнеконференцбайланыс тәсілімен шағымның жолдануы "электрондық үкімет" порталы арқылы іске асырады.

Бейнеөтініш тәсілімен шағымның жолдануы Мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы іске асырылады.

Жеке тұлғаның шағымда – оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымда оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызмет алушы немесе оның сенімхат бойынша өкілі қол қоюға және оны енгізуге тиіс.

Шағым жасалған кезде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі және аты-жөні, өтініш жасау себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не кеңседе қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның, орталық мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз тасығышта берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

**4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар**

13. Тұрмыс-тіршілігін шектейтін, денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарын қабылдауды қажет болған жағдайда, 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш жасау арқылы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің www.miid.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;

2) Мемлекеттік қызметті көрсетушінің www.geology.gov.kz;

3) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

"Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігі Геология және жер
қойнауын пайдалану

Күшін жойған

комитетінің

______________________________

(қаласы)
аумақтық бөлімшесінің
басшысына

______________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда) (бұдан әрі
– Т.А.Ә.) кімнен

_________________________

(өтініш берушінің толық атауы,
бизнес сәйкестендіру нөмірі
немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә.
және жеке сәйкестендіру нөмірі,
мекенжайы, телефоны)

**Өтініш**

Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беруді сұраймын.

Объектінің орналасқан жері: ______________________________

Қосымша: ___________________________________________

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қолы: ________________

Мөр орны* (бар болған жағдайда)

20__ жылғы "____"_____________

Ескерту:

* - Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан құжаттарында мөр қою талап етілмейді.

Су объектілерінің жай-күйіне
әсер ететін объектілерді салуға,
реконструкциялауға (кеңейтуге,
жаңғыртуға, техникалық қайта
жарақтандыруға, қайта
бейіндеуге), пайдалануға,
консервациялауға, жоюға
(кейіннен кәдеге жаратуға)
қорытынды беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша

Нысан

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған

(Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе ұйымының атауы)

______________________________

______________________________

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № ____ бөлімі (мекенжайы: ____________________________________) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты ________________________________________мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) ____________________________________________________________;

2) ____________________________________________________________;

3)…

Осы қолхат 2 данада, әр тарап үшін бір данадан жасалды.

____________________________________________ ________________

Т.А.Ә. (Мемлекеттік корпорацияның қызметкері) (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә. _____________

Телефон __________

Алдым: ______________________ ________________________________

Т.А.Ә. көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 ___ жылғы "___" ___________

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 501 бұйрығына 4–қосымша

**"Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалануға келісімшарт жасасу бойынша тікелей келіссөздерге қатысу өтініміне қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 501 бұйрығына
5–қосымша

**"Болашақ құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Болашақ құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі порталға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 9 (тоғыз) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – болашақ құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысанында немесе алдағы құрылыс салу алаңының астында пайдалы қазбалардың болуы туралы хабарлама-хат (еркін нысанда) немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін өтініш жасаған кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтінішті қабылдау мен мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжаты нысанында болашақ құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру туралы өтініш;

Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін береді.

Жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

Күшін жойған

қызметтің нәтижесін алатын күн көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған өтініштің және (немесе) оның деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

**3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің немесе оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорация басшыларының атына немесе Министрлік басшысының атына шағым беру жолымен жолданады. Көрсетілетін қызметті беруші басшысының мекенжайы және телефоны: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Әзірбайжан Мәмбетов көшесі, 32 үйі, 204/1 кабинет, телефоны: 8 (7172) 39-02-32 .

Шағымдар жазбаша түрде пошта бойынша не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорациясының кеңсесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы беріледі. Сондай-ақ шағымды электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс, бейнеөтініш нысанында беруге болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) көрсетіле отырып, оны тіркеу шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімді:

1) көрсетілетін қызметті берушінің құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;

2) лицензияны қайта рәсімдеу – 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша уәжді түрде бас тартады.

Өтінішті беру кезі облыстың жергілікті атқарушы органына өтініш келіп түскен күнмен және уақытпен айқындалады және есепке алуға жатады.

Берілген өтініш туралы мәліметтер өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде облыстың жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсында орналастыруға жатады және:

1) өтініш иесінің тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

Күшін жойған

2) өтініш иесі пайдалануға беру үшін сұрап отырған кен іздеушілік учаскесі аумағының координаттарын;

3) өтініш келіп түскен күн мен уақытты қамтиды.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – кен іздеушілікке арналған лицензия осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес, қайта рәсімделген лицензия, лицензияның телнұсқасы немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді түрдегі жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі туралы мәліметтерді ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

8. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензияны алу үшін:

Көрсетілетін қызметті алушы бектілген нысан бойынша осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес кен іздеушілікке арналған лицензияны беруге өтініш береді;

Өтінішке келесі құжаттар қоса ұсынылады:

осы стандарттың қосымшасының 1-тармағында көзделген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері;

кен іздеушілік салдарын жою бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің ұсынылғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін тұлғаның, егер мұндай тұлғаны өтініш иесі тағайындаған болса, өкілеттігін растайтын құжат;

өтініш иесі бекіткен және кен іздеушілік кезінде пайдаланылуы жоспарланып отырған механикаландыру құралдары мен жабдықтың тізбесін, сондай-ақ кен іздеушілік учаскесінде жүргізілуі жоспарланып

Күшін жойған

отырған кен іздеушілік жөніндегі жұмыстың түрлері мен тәсілдерінің сипаттамасын қамтитын құжат;

аумағына осы тармаққа сәйкес өтініш берілетін жер пайдаланушының немесе жер учаскесінің жеке меншік иесінің, сондай-ақ жер қойнауы учаскесін пайдаланушының келісімі;

кен іздеушілік жоспары.

Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін нотариат куәландыруға тиіс.

Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс.

2) жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтер өзгерген:

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

лицензия мерзімі ұзартылған;

жер қойнауы учаскесі аумағының шекаралары өзгерген жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Лицензияны қайта ресімдеу осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы кен іздеушілікке арналған лицензияны қайта рәсімдеуге өтініші бойынша жүргізіледі.

Өтінішке онда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың түпнұсқалары не нотариат куәландырған көшірмелері қоса беріледі.

Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс.

Лицензияны беру немесе оны қайта ресімдеу кезінде жіберілген грамматикалық немесе арифметикалық қателерді, қателесіп жазуларды не басқа да осыған ұқсас қателерді лицензияны берген мемлекеттік орган түзетуге тиіс.

Лицензияны беру немесе оны қайта ресімдеу кезінде жіберілген қателерді түзету лицензияны қайта ресімдеу болып табылмайды.

Қателерді түзету лицензияны берген мемлекеттік органның бастамасымен, не жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша жүргізілуі мүмкін.

Мемлекеттік орган жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша қателерді түзетуді осындай өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Лицензияны берген мемлекеттік орган лицензиядағы қатені түзеткеннен кейін оны екі жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыға береді.

Түзетілген лицензия лицензияны берген мемлекеттік органның интернет ресурсында түзетілген күні жариялануға жатады.

Лицензиядағы қателерді түзетуге байланысты туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

9. Мыналар мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болады:

1) өтініш немесе оған қоса берілетін құжаттар осы Кодексте көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

2) өтінішке осы Кодексте талап етілетін құжаттар қоса берілмесе;

3) өтініш берілгенге дейін екі жыл ішінде осы Кодексте көзделген негіздер бойынша өтініш иесінің кен іздеушілікке арналған лицензиясы қайтарылып алынған болса;

4) сұралып отырған аумақ немесе оның бір бөлігі басқа тұлғаға берілген кен іздеушілікке арналған лицензия бойынша жер қойнауы учаскесіне немесе осы Кодекске сәйкес кен іздеушілікке арналған лицензияны беру тыйым салынған аумаққа жататын болса;

5) өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде өтініш иесіне бұрын берілген кен іздеушілікке арналған лицензия сұралып отырған жер қойнауы учаскесіне (оның бір бөлігіне) қатысты тоқтатылған болса;

6) сұралып отырған кен іздеушілік учаскесінің аумағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 269-бабының талаптарына сәйкес келмесе, лицензияны беруден бас тартады.

Лицензияны беруден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады, уәжді болуға және өтініш иесіне кен іздеушілікке арналған лицензияны қарау және беру үшін көзделген мерзімдер ішінде берілуге тиіс.

Лицензияны беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш иесі бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасауы мүмкін.

Лицензияны беруден бас тарту өтініш иесін өтінішті қайта беру құқығынан айырмайды.

Кодекс талаптарына сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші лицензияны қайта ресімдеуден бас тартады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы қол қою бонусын Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен қарастырылған тәртібі және мерзімі, көлемінде төлеуге міндетті.

Қол қою бонусы құралады:

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

1) берілген аумақтың алаңы 0,3 $км^2$-ге дейін болған кезде – 9 (тоғыз) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі -АЕК);

2) берілген аумақтың алаңы 0,3-тен 0,5 $км^2$-ге дейін болған кезде – 12 (он екі) АЕК;

3) берілген аумақтың алаңы 0,5-тен 0,7 $км^2$-ге дейін болған кезде – 15 (он бес) АЕК.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану қағаз түрінде жүзеге асырылады:

Облыстық жергілікті атқарушы органның адресі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына немесе оның орынбасарына;

интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жүргізіледі.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шағымның шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған

**4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары көрсетілген қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған: көрсетілген қызметті берушінің ресми сайттарында.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің: www.miid.gov.kz ресми интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Кен іздеушілікке арналған
лицензияны беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

**Кен іздеушілікке арналған лицензия**

20___ жылғы "___" _____________________ күні №________________

1.____________________________________________________________________

_____________________________________________________________________бер
ілді

(жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) (бұдан әрі – Жер қойнауын пайдаланушы) және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес кен іздеушілікті жүргізу мақсатында жер қойнау учаскесін пайдалану құқығын береді

2. Лицензия шарты:

1) лицензия мерзімі (өндіруге арналған лицензия мерзімін ұзарту кезінде ұзарту мерзімінің есебімен көрсетеді): оны берген күннен бастап ____________________

2) Жер қойнауы учаскесі аумақтарының_________ га көлемі, географиялық координаттары:_____________________________________________ (географиялық координаттардың нүктесін көрсету) және осы аумақтың жер

бетіндегі ең төменгі нүктесінен үш метрден аспайтын тереңдіктегі төменгі шекара

3) жер қойнауын пайдаланудың өзге шарттары:

Жер қойнауы учаскесінің (кен орындарының) атауы, орналасқан жері:

___________________________________________________________________

(атауы, облыс, аудан)

Бағалы металдар мен асыл тастардың атауы: ___________________________

Жер қойнауын пайдаланушы 20__ жылғы "__"_________ дейін қол қою бонусын ___________________________ теңге мөлшерінде төлеуге міндетті.

Жер қойнауы учаскесі аумақтарының схемалық орналасуы осы лицензияға

қосымшада келтірілген

3. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) он тоннадан аспайтын бір жүк көтергіш жүк машина түрінде механикаландыру құралын, бұрғылау жабдығын, сонымен қатар шөмішінің көлемі бір текше метрдің жартысынан аспайтын меншік экскаваторын және (немесе) бульдозер пайдалануға;

2) ұсынылған жер қойнауы учаскесінде пайдалану шектері негізінде бұрғылау және өзге жер жұмыстарын жүзеге асыруға құқылы.

4. Шашыранды алтын бойынша кен іздеушілік жұмысын жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік бір жылда елу килограммнан аспайтын алтын өндіруге жол беріледі.

5. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) кен іздеушілік учаскесіндегі су объектілерінде және су қоры жерінде экскаваторлар мен бульдозерлерді пайдалануға;

2) химиялық реагенттер мен жарылғыш заттарды қолдануға;

3) күрделі құрылыс жайларды тұрғызуға және салуға;

4) топырақ пен айырып алынған тау-кен массасын учаскесінің шегінен тыс жерге шығаруға құқылы емес.

6. Лицензияны қайтарып алу негізі:

1) экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылуы салдарынан жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімінің күшіне енуі;

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген мерзімде қол қою бонусын төлемеген жағдайда;

3) кен іздеушілік салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді бермей кен іздеушілік жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

4) кен іздеушілікке арналған лицензияның кен іздеушілік бойынша жұмыстар жүргізуді, механикаландыру құралдарын пайдалануды шектеу,

химиялық реагенттерді, жарылғыш заттарды пайдалануға, күрделі

құрылысжайлар тұрғызуға, топырақ пен тау-кен массасын кен іздеушілік

учаскесінің шегінен тыс жерге шығаруға тыйым салу туралы шарттарын бұзу;

5) оның бар болғанын талап ететін, кен іздеушілік жоспарынсыз кен іздеушілік жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

7. Лицензияны берген мемлекеттік орган

_______________________________________________________________________

(лицензияны берген мемлекеттік органның атауы)

_____________________________ басшының қолы (уәкілетті тұлғаның)

(қағаз түріндегі лицензиялар үшін)

Мөр орны (болған жағдайда )( қағаз түріндегі лицензиялар үшін)

Беру орны: _______________________ Қазақстан Республикасы

____________________ (облыстың әкімшілік орталығы)

"Кен іздеушілікке арналған<br>лицензияны беру" мемлекеттік<br>көрсетілетін қызмет<br>стандартына<br>2-қосымша<br>нысан

____________________

(мемлекеттік органның атауы)

____________________

____________________

____________________

жеке тұлғалар үшін-өтініш<br>иесінің тегі, аты, әкесінің аты<br>(бар болған жағдайда),<br>жеке сәйкестендіру нөмірі,<br>байланыс деректері;<br>заңды тұлғалар үшін –<br>өтініш иесінің атауы,

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

Күшін жойған

бизнес-сәйкестендіру нөмірі,
байланыс деректері.

**Кен іздеушілікке арналған лицензияны беруге өтініш**

20__ жылғы "__"_________

**Кен іздеушілікке арналған лицензияны беруді сұраймын**

| № | Өтініш иесі туралы мәлімет | |
|---|---|---|
| 1 | өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер | |
| 2 | өтініш иесі пайдалануға беру үшін сұрап отырған кен іздеушілік учаскесін айқындайтын, бұрыш нүктелерінің географиялық координаттары бар және жалпы алаңы көрсетілген масштабтағы кен іздеушілік аумағына нұсқау | |

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) ______________________________________________

2) ______________________________________________

3) ______________________________________________

4) ______________________________________________

(құжаттардың атауы және парақ саны)*

Ескерту:

* Нотариалды куәландырған құжаттардың көшірмесі қоса беріледі.

Мөр орны (болған кезде)

______________________________________________

(Өтініш иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің қолы, өтінішті өкіл берген жағдайда құзыреттілігін куәландыратын, тиісті ресімделген құжат қоса беріледі)

"Кен іздеушілікке арналған
лицензияны беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
3-қосымша
Нысан

______________________
______________________
(мемлекеттік органның атауы)
______________________
______________________
______________________

Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
ойған

жеке тұлғалар үшін өтініш
иесінің тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру нөмірі
(бар болған жағдайда),
байланыс деректері;
заңды тұлғалар үшін –
өтініш иесінің атауы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі
(бар болған жағдайда),
байланыс деректері

**Кен іздеушілікке арналған лицензияны қайта рәсімдеуге өтініш**

20__ жылғы "__"

**Лицензияны қайта рәсімдеуді сұраймын**

| № | Өтініш иесі туралы мәлімет |
|---|---|
| 1 | жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың беру күні және нөмірі, өтініш иесін салық төлеуші ретінде тіркеу туралы мәліметтер |
| 2 | заңды тұлғалар үшін – өтініш иесінің толық атауы, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер |
| 3 | лицензия нөмірі, берілген күні, лицензияны берген лицензиярдың атауы |
| 4 | қызмет түрінің толық атауын көрсету |
| 5 | лицензияны қайта рәсімдеу негіздері мен себептерін көрсету |

Қоса берілетін құжаттардың тізібесі:

1) ______________________________________________

2) ______________________________________________

3) ______________________________________________

4) ______________________________________________

(құжаттардың атауы және парақ саны)*

Ескерту:

* Түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған құжаттардың көшірмелері қоса беріледі

Мөр орны (болған кезде) ____________________________________

(Өтініш иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің қолы, өтінішті өкіл берген
жағдайда құзыреттілігін куәландыратын, тиісті ресімделген құжат қоса беріледі)

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің
2018 жылғы 17 мамырдағы
№ 341 бұйрығына
18-қосымша

**"Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Бұйрық Стандартпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.05.2019 № 274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі - Стандарт) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімді:

1) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 252-бабының 1-тармағында көзделген мерзімдер сақталған кезде, жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасы мен жою жоспары сараптамаларының оң қорытындылары ұсынылған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) лицензияны қайта рәсімдеу – 7 (жеті) жұмыс күні ішінде.

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

Күшін жойған

Өтінішті беру кезі жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға өтініш келіп түскен күнмен және уақытпен айқындалады және есепке алуға жатады.

Берілген өтініш туралы мәліметтер өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады және:

1) өтініш иесінің (тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) атауын;

2) өтініш иесі пайдалануға беруге сұрап отырған жер қойнауы учаскесін айқындайтын аумақ координаттарын;

3) өтініш келіп түскен күн мен уақытты қамтиды.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес лицензия, қайта рәсімделген лицензия, лицензияның тел нұсқасы немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді түрдегі жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі туралы мәліметтерді ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 9.00-ден 17.30-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

8. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензияны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушы бектілген нысан бойынша осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беруге өтініш береді;

Өтінішке келесі құжаттар қоса ұсынылады:

осы стандарттың қосымшасының 1-тармағында көзделген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері;

өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін тұлғаның, егер мұндай тұлғаны өтініш иесі тағайындаған болса, өкілеттігін растайтын құжат;

жерасты құрылысжай объектісінің сипаттамасын, оны оқшаулау сипаттамасын, тау-кен жыныстарының типін, коллектор қаттарының жерасты тереңдігін және тиімді қуатын, оның алаңын, кеуектілік коэффициентін, төселетін және жабылатын су тірегінің сипаттамасын, жерасты суларының табиғи ағысының жылдамдығын, көмудің, қоймаға жинап қою мен ағызудың сапалық және сандық көрсеткіштерін, тау-кен техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттарын қамтитын, "Геологиялық есеп нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 2018 жылғы 31 мамырдағы № 418 бекітілген бұйрығымен. (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17069 болып тіркелген) нысан бойынша геологиялық есеп;

өнімнің атауы, ол түзілетін техникалық өндіріс немесе процесс, оның физикалық сипаттамасы, толық химиялық құрамы, уытты құрауыштардың болуы, өрт қаупі, жарылыс қаупі, ерігіштігі, сақтау кезінде басқа заттармен үйлесімділігі, негізгі ластаушы радионуклидтер, олардың белсенділігі, сондай-ақ тасымалдау жүйесінің сипаттамасы көрсетіле отырып, зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың сипаттамасы.

Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін нотариат куәландыруға тиіс.

Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берсе, оған қоса берілетін құжаттар, әрбір құжатқа қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріліп өзге тілде де жасалуы мүмкін, аударманың дұрыстығын нотариус куәландырады.

Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны алуға мүдделі тұлға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

2) жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтер өзгерген:

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

Күшін жойған

жеке тұлғалар үшін – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) азаматтығы өзгерген;

заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның атауы немесе орналасқан жері өзгерген;

жер қойнауын пайдалану құқығы және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес ауысқан;

лицензия мерзімі ұзартылған;

жер қойнауы учаскесі аумағының шекаралары өзгерген жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Лицензияны қайта ресімдеу осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы өтініші бойынша жүргізіледі.

Өтінішке онда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың түпнұсқалары не нотариат куәландырған көшірмелері қоса беріледі.

Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берсе, оған қоса берілетін құжаттар, дұрыстығын нотариус куәландыратын әрбір құжатқа қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріле отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін.

Лицензияны беру немесе оны қайта ресімдеу кезінде жіберілген грамматикалық немесе арифметикалық қателерді, қателесіп жазуларды не басқа да осыған ұқсас қателерді лицензияны берген мемлекеттік орган түзетуге тиіс.

Лицензияны беру немесе оны қайта ресімдеу кезінде жіберілген қателерді түзету лицензияны қайта ресімдеу болып табылмайды.

Қателерді түзету лицензияны берген мемлекеттік органның бастамасымен, не жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша жүргізілуі мүмкін.

Мемлекеттік орган жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша қателерді түзетуді осындай өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Лицензияны берген мемлекеттік орган лицензиядағы қатені түзеткеннен кейін оны екі жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыға береді.

Түзетілген лицензия лицензияны берген мемлекеттік органның интернет- ресурсында түзетілген күні жариялануға жатады.

Лицензиядағы қателерді түзетуге байланысты туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

Күшін жойған

9. Мынадай негіздердің бірі болған кезде:

1) өтініш немесе оған қоса ұсынылатын құжаттар Кодекстің 251-бабында және 252-бабының 1-тармағында көзделген шарттар мен талаптарға сай келмесе;

2) осы Стандарттың 8-тармағымен талап етілетін құжаттардың өтінішке қоса ұсынылмағанында;

3) сұралатын жер қойнауы учаскесі немесе оның бір бөлігі жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия бойынша басқа тұлғаның пайдалануындағы жер қойнауы учаскесіне жататын болса;

4) сұралатын жер қойнауы учаскесі осы Кодекстің 250-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келмесе;

5) сұралатын жер қойнауы учаскесі осы Кодекстің 250-бабының 2-тармағында көрсетілген аумақтарда толық немесе ішінара орналасса;

6) лицензияны беру ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келетін болса;

7) өтінішке қоса берілген геологиялық есеп сараптамасының қорытындысына сәйкес өзінің геологиялық және (немесе) геотехникалық сипаттамалары бойынша сұралып отырған жер қойнауы учаскесі өтініште көрсетілген мақсаттарда жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жарамсыз екені белгіленсе;

8) өтініш иесі жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасы мен жою жоспары талап етілетін сараптамаларының оң қорытындыларын және келісуін ұсыну мерзімін сақтамаған кезде жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беруден бас тартады.

Лицензияны беруден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады, ол уәжді болуға және өтініш иесіне лицензияны қарау және беру үшін көзделген мерзімдер ішінде берілуге тиіс.

Лицензияны беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш иесі бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасауы мүмкін.

Лицензияны беруден бас тарту өтініш иесін өтінішті қайта беру құқығынан айырмайды.

10. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны алған тұлға Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес республикалық бюджет туралы

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған

заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 400 еселенген мөлшері, көлемінде төлейді.

Қол қою бонусы жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт аумағында (жер қойнауы учаскесінде), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен келісімшарт аумағы (жер қойнауы учаскесі) кеңейтілген кезде жер қойнауын пайдалану құқығын иелену үшін біржолғы тіркелген төлемі болып табылады.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану қағаз түрінде жүзеге асырылады ресми интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жүргізіледі.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шағымның шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

**4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары көрсетілген қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған: көрсетілген қызметті берушінің ресми сайттарында.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің: www.miid.gov.kz ресми интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша
нысан

**Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия**

20___ жылғы "___" _______________ күні №________________

1. _________________________________________________________________
____________________________________________________________ берілді

(жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және азаматтығы/заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері) (жер қойнауын пайдалану құқығымен жалпы иелену жағдайда барлық иелер толық мәліметтерді көрсетумен аталынады) (бұдан әрі – Жер қойнауын пайдаланушы) және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер қойнау учаскесін пайдалану құқығын береді

Жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес мөлшері:
_________________________________________________________________

(әрбір иесі бойынша пайыздық мәнде көрсету)

2. Лицензия шарты:

1) лицензия мерзімі (өндіруге арналған лицензия мерзімін ұзарту кезінде ұзарту мерзімінің есебімен көрсетеді): оны берген күннен бастап _____________

2) Жер қойнауы учаскесі аумақтарының_________ шаршы км көлемі, географиялық

координаттары:_____________________________________________

(географиялық координаттардың нүктесін көрсету);

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

3) жер қойнауын пайдаланудың өзге шарттары:

Жер қойнауы учаскесі аумақтарының схемалық орналасуы осы лицензияға қосымшада келтірілген

3. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелері:

1) 20__ жылғы "__" ________ дейін қол қою бонусын __________________ теңге мөлшерінде төлеу;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мөлшерде жер учаскелерін пайдалану үшін лицензиянын мерзімі ішінде (жалдау төлемдерін) ақы төлеу.

4. Жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың нысаналы мақсаты:

_____________________________________________________________________

(Кодекстің 249-бабына сәйкес операциялардың кіші түрлерінің бірі)

5. Лицензияны қайтарып алу негіздері:

1) осы лицензияның 3 және 4-тармақтармен көзделген лицензиялардың шарттарын бұзу;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен көзделген қызметіне тыйым салған жағдайда.

6. Лицензияны берген мемлекеттік орган

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

(лицензияны берген мемлекеттік органның атауы)

_______________________________ басшының (уәкілетті тұлғаның) қолы

(қағаз жеткізгіштегі лицензиялар үшін)

Мөр орны (болған жағдайда)(қағаз түріндегі лицензиялар үшін)

Беру орны: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

"Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша
нысан

_____________________

_____________________

(мемлекеттік органның атауы)

_____________________

Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
ойған

______________________________
______________________________
жеке тұлғалар үшін өтініш
иесінің тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру нөмірі
(бар болған жағдайда),
байланыс деректері;
заңды тұлғалар үшін –
өтініш иесінің атауы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі
(бар болған жағдайда),
байланыс деректері

**Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беруге өтініш**

20__ жылғы "__"_________

**Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беруді сұраймыз**

| № | Өтініш иесі туралы мәлімет |
|---|---|
| 1 | жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер |
| 2 | заңды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өтініш иесі шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын басқа заңдастырылған құжат) |
| 3 | өтініш иесі пайдалануға беру үшін сұрап отырған тиісті жер қойнауы учаскесін айқындайтын аумаққа нұсқау |
| 4 | сұралатын жер қойнауы учаскесін пайдалану мерзіміне нұсқау |
| 5 | осы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 249-бабына сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалану мақсатына нұсқау |

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) ______________________________________________

2) ______________________________________________

3) ______________________________________________

4) ______________________________________________

(құжаттардың атауы және парақ саны)*

Ескерту:

* Түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған құжаттардың көшірмелері қоса беріледі

Мөр орны

(болған кезде)

________________________________________

(Өтініш иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің қолы, өтінішті өкіл берген жағдайда

Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
Күшін жойған
ойған

құзыреттілігін куәландыратын, тиісті ресімделген құжат қоса беріледі)

"Жер қойнауы кеңістігін
пайдалануға арналған
лицензияны беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
3-қосымша
Нысан

____________________________

____________________________
(мемлекеттік органның атауы)
____________________________

____________________________
жеке тұлғалар үшін өтініш
иесінің тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру нөмірі
(бар болған жағдайда),
байланыс деректері;
заңды тұлғалар үшін –
өтініш иесінің атауы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі
(бар болған жағдайда),
байланыс деректері

**Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны қайта рәсімдеуге өтініш**

20__ жылғы "__"

**Лицензияны қайта рәсімдеуді сұраймын**

| № | Өтініш иесі туралы мәлімет | |
|---|---|---|
| 1 | жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың беру күні және нөмірі, өтініш иесін салық төлеуші ретінде тіркеу туралы мәліметтер | |
| 2 | заңды тұлғалар үшін – өтініш иесінің толық атауы, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер | |
| 3 | лицензия нөмірі, берілген күні, лицензияны берген лицензиярдың атауы | |
| 4 | қызмет түрінің толық атауын көрсету | |
| 5 | лицензияны қайта рәсімдеу негіздері мен себептерін көрсету | |

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1)____________________________________________________________

2)____________________________________________________________

3)____________________________________________________________

Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған ойған

4)______________________________________________________________

(құжаттардың атауы және парақ саны)*

Ескерту:

*Түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған құжаттардың көшірмелері қоса беріледі

Мөр орны

____________________________________________________________

(болған кезде) (Өтініш иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің қолы, өтінішті өкіл берген жағдайда құзыреттілігін куәландыратын, тиісті ресімделген құжат қоса беріледі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК